

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР / ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ /
PHILOLOGICAL SCIENCES

DOI 10.54596/2958-0048-2023-1-129-136

ӘОЖ 82.02

ҒТАМА 17.07.31

ПЕРИФРАЗДАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ

Есматова М.Т.^{1*}, Айткенова Ж.Т.²

**КЕАҚ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті», Петропавл,
Қазақстан Республикасы
E-mail: esmatova@mail.ru

Аңдатпа

Көркем шығармада заттың немесе құбылыстың маңызды белгісін ашу үшін қолданылатын жоғары бейнелі тіркестердің орны, лексика-семантикалық сипаты жоғары. Көркем әдебиет тілінің көріктеуші құралдарының бірі – перифраздар. Кез-келген тарихи кезеңде ұлттық тілдің алатын орны жоғары, өйткені ұлттық мәдени дүниенің даму деңгейі тілдің даму шеңберімен тығыз байланысты. Мақалада перифраздардың құрылымы, мағыналық ерекшелігі Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Т. Сәукетаев шығармаларынан алынған мысалдар арқылы талданады.

Кілтті сөздер: перифраза, зат есім, сын есім, тіркесімділік, семантика, авторлық перифразалар, тақырыптық топтар.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПЕРИФРАЗОВ В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Есматова М.Т.^{1*}, Айткенова Ж.Т.²

**НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева», Петропавловск,
Республика Казахстан
E-mail: esmatova@mail.ru

Аннотация

Образные фразы с высоким эмоциональным содержанием, используемые в художественных произведениях, имеют высокий лексико-семантический характер. Перифразы являются одним из художественных средств языка литературы. В статье анализируется структура и значение перифраз на примерах, взятых из произведений Г. Мусрепова, С. Муканова и Т. Саукетаева.

Ключевые слова: перифраза, существительное, прилагательное, сочетаемость, семантика, авторский перифраз, тематические группы.

USE OF PERIPHRASES IN ART LITERATURE

Esmatova M.T.^{1*}, Aitkenova Zh.T.²

**Non-profit limited company “M. Kozubayev North Kazakhstan University”, Petropavlovsk,
Republic of Kazakhstan
E-mail: esmatova@mail.ru

Abstract

Figurative phrases with high emotional content used in works of art have a high lexical-semantic character. Paraphrases are one of the artistic means of the language of literature. The article analyzes the structure and meaning of paraphrases using examples taken from the works of G. Musrepov and S. Mukanov, T. Sauketaeva.

Keywords: paraphrase, noun, adjective, compatibility, semantics, author's paraphrase, thematic groups.

Кіріспе

Әдеби құралдар кез келген көркем шығармада кездеседі. Олар оқырманның қызығушылығын оятуға, оқиғаға жарқын, эмоциялы реңк беруге арналады. Тіл біліміндегі ең күрделі және маңызды құбылыстардың бірі, бейнелі стильдік құрал – перифраздар. Белгілі бір құбылысты, оқиғаны сипаттайды, олардың ерекше белгілерін көрсетеді, суреттеу нысанын оңай тануға, түсінуге мүмкіндік береді. Жазушы заттың не құбылыстың атын оның маңызды белгілері мен оны айқындайтын белгілерін суреттеумен алмастырып, перифразаны қолданады, санамызда өмірдің жарқын бейнесін жасайды. Перифраздарға терминологиялық анықтама беруде бұл құбылыстың тек логика, әдебиеттану, стилистика, риторика сияқты түрлі салаларда қолданылуына байланысты кейбір қарама-қайшылықтар туындайды, бұл оны тек тіл білімінің пәні ретінде анықтауға мүмкіндік бермейді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу мақаламызда бір заттың мазмұнын сипаттайтын сөз тіркестінің мағыналық жағынан бөлінбейтін көркем өрнектер перифраздардың қолданысын, мағыналық ерекшеліктерін ашуда семалық және лингвистикалық талдау әдісі қолданылады.

Зерттеудің нәтижелері

Перифраза – өзіне тән белгілері бойынша оңай танылатын затты жанама көркем суреттеу. Шығармалар тілін бейнелі, мәнерлі ететін, сөйлемді түрлендіретін троптардың бірі.

Көркем шығармаларда, публицистика мен шешендік өнер туындыларында сөздің мәнерлілігін арттыру, оқырманға немесе тыңдаушыға ерекше әсер ету үшін стильдік құрал ретінде перифраздар қолданылады. «Қазақ тілі. Энциклопедиясында» перифраза: «Перифраза (ағылшын paraphrase) – сөздің бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Перифраза затты, процесті, құбылыстың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау» деп анықтама берілген [1, 259 б.]. Перифраздар сөздің бейнелі және мәнерлі құралы болғандықтан, көркем шығармаларда жиі қолданылады, мағынаның әсерлігін күшейтеді.

Ғ. Қалиев «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» еңбегінде перифраза атауына төмендегідей түсініктеме береді: 1) сөздің сөз тізбегінің мәнін басқаша түсіндіріп жеткізу (мәтінде мен деудің орнына осы жолдардың авторы делінуі); 2) жай сөздің орнына оның ауыс мағынасын білдіретін сөздердің қолданылуы. Мысалы: арыстан – аң патшасы, жылан – аты жаман, ұры – қолы жылдам [2, 245 б.]. Перифразаны стилистикалық құрал ретінде қарастырамыз, оның негізгі мақсаты - құбылыстың немесе объектінің өзіне тән белгілерін байқап, ерекшелеу, оның бейнелі түрде қабылдануына ықпал ету.

Перифраздар атаудың белгілерін көрсететін тіркестерді көркем сөзбен ауыстыру. Олар түрлі жолдармен жасалынады:

а) заттың, процестің, құбылыстың түр-түсіне қарай жасалатын перифраздар. Мысалы: *Көк сұлуы* көпке дейін ойынға қатынаспай қойды, еркек қырандар екі жағынан орап келіп шарпысуға шақырса да елең қылар емес (Ғ. Мүсірепов, «Кездеспей кеткен бір бейне»). *Көк сұлуы* – перифраз – қыран бүркіт, аспанда қалықтап ұшқанда керемет бір сұлулығымен таң қалдырар құс деген мағынада қолданылған.

ә) заттың, процестің, құбылыстың жасалынған материалына қарай болатын перифраздар. Мысалы: Ол қара жерді солқылдата сілтеп келе жатқан *от арба* – қара бұйра жал-құйрығын аспанға шаншып, қараңғы түнді қақ жарып, жарқырап келе жатқан паравоз! (Ғ. Мүсірепов, «Кездеспей кеткен бір бейне»).

б) заттың, процестің, құбылыстың сыртқы келбетіне қарай жасалынған перифраздар. Мысалы: Аш-жалаңаш сені шақырамыз, *сірі алақан, шойын білек*, мына туды сен ұстайсың! (Ғ. Мүсірепов, «Кездеспей кеткен бір бейне»). Бұл жердегі перифраздар – кедей, қарапайым шаруа дегенді білдіретін тіркестер.

Перифраздар объектілерге олардың бұрынғы функцияларын өзгеріссіз қалдыра отырып, екінші атау береді. Объектінің қасиеті басқарушы сөз ретінде, объектінің атауы басқарылатын сөз ретінде қабылданады. Олар затқа өзіне тән ерекше сапаны беретін сипаттаушы элемент қызметін атқарады, бағалау арқылы эмоционалды реңк береді, шындық құбылыстарды жанама сипаттамалық белгілеуге әкелетін стильдік құрал. Перифраздар экспрессияға бай, тікелей білдіріп тұрған мағынасын бірнеше сөздер арқылы сипаттап бере алады: Кіру-кірмеу әркімнің өз еркінде деп, *ұзын саясаттың* сойылын соққансып мәймөңкелеткенмен, жеме-жемге келгенде тіріге тұяқ тастамай, жарлының аузын аққа тигізіп отырған жалғыз сиырына дейін сыпырған (Т. Сәукетаев, «Көлеңкелер патшалығы»). Сөйлемдегі ұзын саясат көркем шығармадағы колхоздастыру, коллективтендіру кезіндегі сөздің жаңа ұғымды суреттелуі.

Парадигмалық өлшемге жататын алмастыру қызметіне көшкен сөз тіркестері еркін перифраз ретінде қолданылады. Мысалы: Бүгін мультфильм көріп болысымен, ақырын басып бөлмеге кірсем, атам әдеттегідей қара қобдиша – транзисторын құшақтап, төсегінде жатыр екен (Т. Сәукетаев, «Көлеңкелер патшалығы»). Сөйлемдегі қара қобдиша – перифраз, сөйлеу процесінде пайда болған автордың қолданысындағы тіркес, транзисторды атау. Ал осы шығармада узуалдық префраздар да кездеседі. Соған бір мысал келтіре өтсек: «Астағифиралла, ат сүйреткен арбаны көріп едік, өзінен өзі дір-дар етіп зырылдаған *көк темірді* кім көрген» деп жағаларын ұстайтын. Бір күні бір топ жігіт көкпардан қайтып келе жатқан, анадайдан айдау жолды шаңдатып «*шайтан арба*» өте шыққаны Т. Сәукетаев). Осы үзіндідегі көк темір мен шайтан арба дегендері – трактор мағынасында қолданылған.

Перифраз мәтінге экспрессивтілік беруде, сипаттау тұрғысынан стильдік қызметтегі өрнектер. Автордың белгілі объектіні атау, оның жанама мағынасы мен маңызды ерекшеліктерін, бағасын көрсетуге көмектеседі.

Шығармаларын әрлей түсетін тәсілдердің ішінде перифраздардың алатын орны бөлек. Бір нәрсені немесе құбылыстың бір белгісін көрсетіп атау қай тілде де бар әдіс. Мысалы: Балалардың орналасуына және жағдай жасауға мүмкіндігі бар істі оның аямағанын дағдылы *өмірдің рельсіне* салып жіберу оған да, оның қызметтес серіктеріне де жеңілге түскен жоқ (С. Мұқанов, «Сырдария»). Өмірдің рельсі – күнделікті өмір, өмірдің ағымы деген мағынаны автор осындай мәнерлі перифразбен берген.

Перифраз сөздердің семантикалық реңкінде экспрессивтік, эмоционалдық, бейнелілік, образдылық сипаттар басым болады. Мысалы: Со кісінің айтқандары ғой, жүдә біздің құлақта қалған, *құйма құлақтыңығыз* ғой, соның бәрін ұғып қалған (С. Мұқанов, «Сырдария»). *Құйма құлақ* деген тіркес тез ұғып алатын адамдарды атайды.

Әр ақын, әр шешен өзінің өмірге көзқарасына, оның жан-дүниесіне, тіл байлығына қарай бейнелі ат береді. Автордың затқа қатынасын сезінетіндей бағалаушы сипаты бар перифраздар туындап жатады. Олар көркем мәтінге эмоционалды-бағалаушы сипат, өрнек беріп тұрады. Мысалы: «*Кәрі құлақтымын*» дейтін Дәметкеннің үлкендерден естуінше келес еркектің астынан өтсе белі кетеді, әйелдің астынан өтсе, бала көртермейді (С. Мұқанов, «Сырдария»). Бұл сөйлемдегі *кәрі құлақты* перифраз авторлық тіркес болып саналады, мағынасы үлкендерден естіген дегенді білдіреді.

Перифразалар – жазушының оқырманнан нені жасырып тұрғанын интуитивті түрде сезініп тұратын бейнелі сөздері, мысалы: көшеде он екі шар жанды. *Он екі шар* сөзі шамның орнына ауыс мағынасында қолданылған. Мысалы: Шуласқан жұрт үш арқаннан бірдей тартып, *аты жаманды* қырға алды да шықты (С. Мұқанов, «Сырдария»). Бұл жерде *аты жаман* деген жайын деген жыланды атап тұр.

Ауызекі сөйлеу тілінде және көркем мәтіндерде кездесетін мысалдар құбылысты логикалық және бейнелі топшаларға бөлуге мүмкіндік береді. Логикалық, сипаттамалық сәтте заттар, құбылыстар, оқиғалар арасындағы айқын көрінетін, оңай ажыратылатын байланыстарға құрылады. Ал бейнелі түрде – ассоциациялар жүйесі мен жасырын біріктіруші байланыстар бойынша логикалық болады. Көркем шығармалардан мысалдарды оңай табуға болады. Мысалы: Сол жөнінде айта кеп: - *Ұзынқұлақтың* хабарлауынша, оқу бітіргеннен кейін біздің облысқа сені қызметке келуіңді де, келе сап үйленуіңді де біліп отырдық, - деді ол күліп (С. Мұқанов, «Сырдария»). Келесі сөйлемде бұл тіркес ретінде беріліп, өсекші мағынасында алынады. Контексте орай олар көп мағыналы болып та қолданылады. Мысалы: «Отыз тістен шыққан сөз отыз ру елге жетеді» дегендей, *ұзын құлақ* арқылы ілезде тарайды да кетеді (С. Мұқанов, «Аққан жұлдыз»). Бұл сөйлемдердегі перифраздар зат есімдердің бір-бірімен ешбір жалғаусыз байланысқан түріне жатады. Бұлардың негізгісін көрсете отырып, сипаттау қызметін ерекшелеуге әкелетін заттың белгілерін көреміз. Олардың айрықша ерекшелігі – кең таралуы, лексикалық мағынаның ашықтығы, көбеюінің стереотиптілігі.

Бейнелі перифразалардың мәнін көркем әдебиеттен алынған мысалдар барыншы дәл ашуға көмектеседі. *Сақина деудің орнына шірік алтын тағып алған, менің саусағымды безендіретін мәңгілік махаббат символы. Махаббат символы деген – жүзік.* Перифраза бір заттың белгілі бір қасиетін айрықша атап өткісі келгенде, немесе соған ерекше назар аудартып, ден қойғызу мақсатында қолданылады. Егер біреуге Шық бермес Шығайбайсың десек, ұзақ уақыт бойы сараңдықпен синоним болып келеді, Алдар көсенің дәл өзі десек, алдау, қу, айлакерлік деген ұғыммен мағыналас болып алынады. Бұл жағдайда біз перифразаның таза түрінде емес, оны басқа троп түрімен, метафорамен салыстырумен айналысамыз.

Мақалада перифраздардың құрылымына да тоқталып, мысалдар келтіріп өткенді жөн көрдік. Зат есім мен зат есім (тәуелдік тұлғалы, түрік изафеті) тіркесуі арқылы жасалған перифраздар. Мысалы: Лақылдап от түкіргенде шығатын *соғыс тәңірісі* - зеңбірек үні бізге әлі естілген жоқ (Ғ. Мүсірепов, «Қазақ солдаты»). Сөйлемде жазушы перифразды қолданады да оның мағынасын сызықша арқылы түсіндіріп кетеді. Нағашым берген энеукүнгі білезікті *шайтан базарға* апарып сатайық та (Т. Сәукетаев, «Көлеңкелер патшалығы»). Шайтан базар деп берілген тіркесті автор келесі сөйлемде мағынасын ашып береді: Оған жер-көктің алып-сатары жиналады емес пе, солардың бірінен алушы шықпас деймісің? (сонда) Тәуелді сөз тіркестерінде перифразаланған сөздер анықтауыштық қатынаста тұрады, синтаксистік әрекетіне әсер етпейді, біртұтас сөз ретінде танылады. Перифразалық сөз үйлестіру қатынасында болады.

Біздің *күміс қаршыға* - барлаушы самолет келе жатыр екен (Ғ. Мүсірепов, «Қазақ солдаты»). Күміс сөзі жеке қолданылғанда бағалы металл, ал тіркеске түскен кезде адъективтеніп, уақытша сын есімнің қызметіне ауысқан. Сөйлемде барлаушы ұшақты атауда қолданылған перифраз екендігі анық байқалады.

Зат есім тәуелдік жалғаулы және зат есім септік жалғаулы: *Әкесі баласын* көтеріп тұрады деген жұмбақта әкесі деген қазақ аяқты және қазанды бала деп перифраздап беріп тұр.

Зат есім (ілік септігінде) және зат есім (тәуелдік жалғаулы) түрі: Қайнатқан күріштің суы – *ажалдың даруы!*.. деп айтып едім ғой (С. Мұқанов, «Сырдария»). Бұл жерде ажалдың даруы деген тіркесті автор іш ауруына, дертке шипа ретінде қолданылатын дәрі деп алған. Тәрбияның аузынан шыққан *сөздің салмағын* ұға отыра, өзінен басқа медеуі жоқ кәрі әкесінің халін көз алдына келтіре отырып, «Аяғанда амалым не?» деген бұрынғы тоқтамы бүлік етпеді (С. Мұқанов, «Сырдария»). Сөздің салмағы деген перифраз – мағынасы басым, терең сөз деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз тіркестері бір-бірімен матаса байланысады. Абайда осы перифразға синонимдес тіркес қолданылады. Мысалы: *Өлең – сөздің патшасы*, сөз сарасы.

Бұл үлгі бойынша перифраздар тілімізде баршылық. Тағы бірнеше мысал келтіріп өтейік: Менің ойымша, *жемістердің патшасы* – өрік. Осы шекарада *сүттің қаймағын алу* жүргізіледі. Сүттің қаймағын алу – пайда табу.

Сын есім мен зат есім үлгісімен жасалған перифраздарда грамматикалық тұрғыдан бірнеше құрылымдық түрлерді көрсетуге болады: «Отыз тістен шыққан сөз. Отыз ру елге жетеді» дегендей, *ұзын құлақ* арқылы ілезде тарайды да кетеді (С.Мұқанов, «Аққан жұлдыз»). *Ұзын құлақ* деген – өсекші, естіген хабарды жылдам таратушыны адамға қатысты айтылады. Бұған дейін аттанғандардың кейбірінен *қаралы қағаз* келгенде, зәресі ұшқан Сырбай: «Жасаған, маған естірте көрме, мұндай қағазды!» деген тілекке ауған еді (С. Мұқанов, «Сырдария»). Марфуғаның қайғысын жеңілдету орнына, майданға кеткен жақындарын айтып, кейбірі *қара қағаз* алғанын айтып ауырлатып жібереді (сонда). Қаралы қағаз және қара қағаз деген перифраздар бір-біріне мағыналы синонимдес болып келеді, соғыста қайтыс болған жауынгердің туыстарын ескерту, естірту үшін жіберілген хат. Содан бері мен үш рет *қызыл бұрышта* болған жиналысқа да қатынастым (Ғ. Мүсірепов, «Қазақ солдаты»). Жиналыс өтетін мәдениет үйі осылай аталатын. Бұл бүгінгі күні тарихи сөз болып табылады.

Жаңа кіріп келген саудагер баласы әкесімен екеуі қосарлана жүгіріп, жиналыстарда ылғи қай жеңген жағына қосыла кететіндіктен *қос қоржын* атанған (Ғ. Мүсірепов, «Кездеспей кеткен бір бейне»). Бұл мысалдардағы төрт сирақ – мінуге жарайтын ат, екі сұлу – тату-тәтті өмір сүріп жатқан аққулар, қос қоржын – контексте «хамелеон» деген мағынада алынған.

Үш мүшелі есім перифраздар есім перифраздардың екінші бір тобы. Бұлардың төрт түрі бар. Олар:

а) зат есім (ілік жалғаулы) мен сын есім + зат есім (тәуелдік жалғаулы). Төбемізден аумай қойған *жаудың қоңыр аласына* жоғарыдан ала, көлденеңнен бір килікті де, қайтып оралмай, кетіп қалды (Ғ.Мүсірепов, «Қазақ солдаты»). Жаудың қоңыр аласы жазушы тілінде жаудың ұшағы, самолеті дегенді білдірген перифраз. Өкініш пен күрсініске толған ана көкірек қарс айырылып, ақ мая жеккен қазақы күйме ішінде Тәңірге жалбарынып, *адамның Жасаған иесінен жәрдем күтеді* (Т. Сәукетаев, «Көлеңкелер патшалығы»). Алла тағала, Тәңірі деген мағынаны білдіретін перифраз.

ә) сан есім мен сан есім мәнді сөз + зат есім: *Дәметері – бір жарым жұдырық*, яғни қағаз ақшамен мың жарым сом екен (С. Мұқанов, «Аққан жұлдыз»). Бүкіл психолог атаулының айтуынша, адамның *жан дүниесінің айнасы* - көзі, жанының қандай құбылысы болса да, көзге сәулесін түсірмей қоймайды (С. Мұқанов, «Сырдария»). Москва оның ұғымында жүрек, ол – *Кеңес Әкіметінің жүрегі*, ол – *елдің жүрегі* (сонда).

в) күрделі сан есім мен зат есімнің тіркесінен жасалған перифраздар:

Он сегіз мың галамның, Бар тынысы күнде тұр (Абай). Осы үлгіге авторлық перифраздан мысал келтіріп өтсек: *Сырдың мың пәлесінің* жер бетіндегілеріне «ағайын»

боп алған Байжан ұшатын «пәлелердің» адамды шағатындарына, әсіресе маса мен сонының шығауына төзе алмай-ақ қойды (С. Мұқанов, «Сырдария»). Бұл шығарма Сырдария өлкесінде болып жатқан оқиғаны суреттегендіктен, сол ортаның табиғатына, мың пәлесіне тоқталып өтеді, ол - Сырдың бақа-шаяны, шыбын-шіркейі, маса-сонасы мен шегіртке-жыланы. Жазушы барлығын бір ортақ атаумен *Сырдың мың пәлесі* деп өте жақсы перифраз қолданып, топтап көрсеткен.

Бәрі де көз қанып қалған дүние ғой, сондықтан ұмытпай есте сақтап жүргеніміз (С. Мұқанов, «Сырдария»). Үнемі көріп, бақылап жүрген және өмірі осы саламен айналысқанмын деген мағынада берілген көп мүшелі перифраз.

Әр тақырыпқа сай перифразалық бірліктерді сипаттайтын тірек сөздер болады: семантикалық образдарды – перифраздарды жасайтын тірек сөздер болады. Мысалы, соғыс образына қатысты суреттеме атауларда дауыл, өрт сөздері, сүю, құмарлану, қайғыру сезімдерін білдіруде сусын, от, өрт сөздері, батырлықты, ерлікті білдіруде арыстан, сұңқар, жолбарыс сияқты сөздер перифраздың тірек сөзі болып келеді: жүрегіне өрт түсу – сүю, көкірегінде оты бар – саналы, ойлы, от қып өртеу – күйік тарттыру, отқа түсу – жанын пида қылу, отқа күймеу – пәледен аман болу, қайғы оты – қасірет-күйік т.т. Мысалы: Ақырын жылжып кеп, *темір табан* көпірдің әрбір сүйем жерін байқап басып, бері қарай өтіп кетті (Ғ. Мүсірепов, «Қазақ солдатты»). Темір табан деп соғыс қаруы танк ауыр техникасын айтып перифраздаған. *Жаудың құзғындары* да әлсін-әлсін орай ұшып, зуылдап бомбалар тастайды (С. Мұқанов, «Сырдария»). Жаудың құзғындары – жаудың бомбалауға арналған ұшақтары.

Вагоннан шыққан соң-ақ жарты миллион халқы бар *көмір қаласының* кең демалысы сезіле бастады (Ғ. Мүсірепов, «Қазақ солдатты»). Көмір қаласы деп тілімізде әбден штампперифраз ретінде қалыптасқан тіркес Қарағанды – көмірлі қаланы атайды.

Перифраздың қолданылу себептері өте көп: 1) екінші номинативтік қызметі – ұғымды қайтадан белгілеу. Құбылыстың ерекшелігін айқындап көрсете отырып, ұғым ауқымын кеңейтеді; 2) эвфемистік мағынада шындықты бүркемелеу үшін, яғни мағынасы суық, дөрекі, ыңғайсыз, қолайсыз я анайы ұғымдарды майдалап, тігісін жатықтау етіп жеткізу үшін жұмсалады. Мысалы: ... Ауыл үстінде тынбай ойнақтайтын сөздер – сивыр, ит, шошқа, есек болып басталады да, аяқ жағы баяғы бір ана сорлының атын былғап бітеді (Ғ. Мүсірепов).

Перифраз мәтіннің ақпараттық мазмұнын байытып, бір сөзді қайталай бермеу мақсатында пайдаланылады. Көркем өрнектер тілімізде мол, олар бірнеше тақырыптық топтарға жіктеледі. Нақты материалды талдау нәтижесінде олардың өмірде кездесетін түрлі құбылыстарға қарай топтық түрлері болатындығы анықталады.

Өсімдіктерге байланысты перифраздар. Табиғаттағы адам тіршілігі әсіресе, өсімдіктер дүниесімен тікелей байланысты болады. Сол себепті өсімдіктер сан – алуан образдардың эталоны ретінде тілдегі троптар мен фигураларда кеңінен қолданылады. Колхоздың биылғы егіс жоспары 310 гектар, оның *ақ егісі* 110 гектар, *көк егісі* 150 гектар, өзгелері басқа дақылдар (С. Мұқанов, «Сырдария»). Ақ егіс – күріш, көк егіс – егін деген мағына беретін перифраздар.

Не бекініс қабырғасы берік шаһарлардың үстінен *грек отыны* - құм аралас мұнайдан істелген жаңғыш заттарды лақтырып, адам көзі қимас ғажайып сұлу мешіт, шіркеу, патша сарайын өртеу, алдау дегендердің бәрі қатар жүретін (І. Есенберлин, «Көшпенділер»).

Бұл сөйлемдегі перифраз грек отыны – жаңғыш заты ойлап тапқан елдің атауымен атап тұр. Бұл авторлық перифраз түріне жатады.

Англия өте қауіпті ел, біздің ақындар «*Залым Альбионы*» деп босқа атап кеткен жоқ (Ғ. Мүсірепов, «Оянған өлке»). Сол *Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан* кейін, мал-мүліктен, туысқан-туғаннан айрылған Ешкібай осы жаққа келіпті де, сырдан бөлініп шыққан «Көксуға» тұрақтапты (С. Мұқанов, «Сырдария»). Тарихи оқиғамен аталған тіркес бүгінде жұт, қудалау деген мағынада түсінілетін перифраз, жастар бұл тіркестен бірден тарихи оқиға болған жылдар мен оқиғаның өзін бірден айтып бере алады.

Перифраз дегеніміз – өзіне тән белгілері бойынша затты өз атымен атамай, жанама көркем суреттеу. Сөйлемді түрлендіретін, бейнелі, мәнерлі ететін сөздер. Әрі сөздің мазмұнын сипаттайтын, мағыналық жағынан бөлінбейтін, ауыспалы мәнді өрнек. Бұл троп бейнелі түрде белгілі бір оқиғаны, құбылысты сипаттайды, олардың ерекше белгілерін көрсетеді. Жазушы заттың не құбылыстың атын оның маңызды белгілері мен оны айқындайтын белгілерін суреттеумен алмастырып, санамызда өмірдің жарқын бейнесін жасайды. Метафора мен перифраздың арасында түбегейлі айырмашылық жоқ, олар синонимдік өрнектер. Кең ұғымды нақты ұғыммен алмастырады.

Перифраздың тілдік механизмі мен стилистикалық табиғатын ашу – ана тіліміздің көркемдік-бейнелеуіш құралдар байлығын тануға көмектеседі; синтаксистік-семантикалық бірлік – сөз тіркесінің стильдік тұрғыдан қолданылуын сөз етуге, олардың көріктеу нормаларына сай келуі немесе олардан ауытқу мәселелерін зерттеуге алып келеді, сондай-ақ бұл зерттеу терминдік атаулар мен олардың мағыналарын дәлдеу-нақтылау іс-әрекетіне септігін тигізеді сөзсіз. Көркемдік құралдардың тілдік-стильдік механизмін айқындау – бүгінгі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Командиріміз бір күні мені *тіл әкелуге* жұмсады (С. Мұқанов «Сырдария»). Тіл әкелу деген перифраз жаудан мәлімет ала алатындай жоғары лауазымды офицерді тұтқынға алу деген мағынада берілген синекдохалық перифраз. Осы шығармада тағы мына мысалға назар аударайық: Сырдың *мың пәлесінің* жер бетіндегілеріне «ағайын» болп алған Байжан, ұшатын пәлелердің адамды шағатындарына әсіресе маса мен сонаның шағуына төзе алмай-ақ қойды (сонда). Мың пәлесі деген синекдохалық перифраз бақа-шаян, маса-сонасы, құрт-құмырсқасы, жыланы, тасбақасы деген жәндіктерді атап тұр. Бұл авторлық перифразға жатады.

Тілімізде антоним перифраздар да бар. Мысалы: Қуланып айтқанда, әлі жан адам мекендеп көрмеген Бетпақтың даласын біз «*ішкі дүние*» дейміз де, ел мекендеген өлкелерін «*сыртқы дүние*» дейміз. Сыртқы дүниемен байланысымыз біздің самолет арқылы (С. Мұқанов, «Сырдария»). Сөйлем ішінде берілген перифраздар бір-біріне антоним болып тұр, мағынасы да ашық берілген, ішкі дүние – адам мекендемейтін жер, сыртқы дүние – ел мекендеген өлкелер. Адам жан-дүниесін сан қырлы, алуан сырлы нәзік қырларын «жан пердесі» тіркесі арқылы беру де ұтымды. Бұл да жоғарыдағы перифраз секілді айшықты, образға құрылған. Мысалы: Ата-анасының *оң батасын* алмай қарғысқа ұшырады ма, отасқан он үш жылдың ішінде жалғыз-ақ құрсақ көтеріп тоқтап қалды (Т. Сәукетаев, «Көлеңкелер патшалығы»).

Сонымен, тілімізде заттардың, процестердің, құбылыстардың атаулары өте көп, солардың қайсысы болмасын перифраздануға мүмкіндіктері мол. Сол мүмкіндікті молынан қолданған ақын-жазушыларымыз да көп.

Қорытынды

Қазақ тілінің өзінде перифраздар кез келген заттарды немесе құбылыстарды бейнелеу үшін қолданылады. Тұрақты комбинациялар мен ұғымдарды суреттеу ойымызды кеңейтеді. Перифраздарды дайындауда қолданылған заттың оған тән қасиеттері бейнелі тіркестермен алмастырылып жұмсалуды халықтың аялық білімінің кең

екендігін танытады. Перафразаларды қолданатын адам заттың немесе құбылыстың сипаттамасына оны ерекше сипаттайтын белгілердің тұтас кешенін қосады. Ал кез келген адам үшін бұл сәттер танылатын болады. Бүгінгі күні мұндай тіркестер бір немесе бірнеше сөзді бөлуге, өзгертуге немесе алып тастауға болмайтын тұрақты тіркестерге айналды. Олар жанама мағынаны береді, бірақ объектіні дәл сипаттайтыны сонша – түсіндіруде қателесу мүмкін емес. Перифразаларды көркем шығарма авторлары, шешендер мен журналистер ғана емес, қарапайым адамдар да күнделікті қарым-қатынаста қолданады. Бағалаушы сипатына байланысты затқа деген бейнелі қатынасты сезінеді. Дұрыс таңдалған перифраздардың көмегімен қалағанға қажетті эмоционалды-экспрессивтік бейне қалыптасады. Затты қабылдай білу нәтижесінде автордың нені жасырғанын перифрастикалық айналым негізінде сезіледі.

Әдебиет:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. - Алматы. Қазақстан республикасы Білім, Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 420 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
3. Мүсірепов Ғ. Қазақ солдатты. – Алматы: Жазушы, 1987. - 368 б.
4. Мүсірепов Ғ. Оянған өлке. – Алматы: Жазушы, 1987. - 484 б.
5. Мұқанов С. Сырдария. – Алматы: Жазушы, 1975. – 591 б.
6. Сәукетаев Т. Көлеңкелер патшалығы. – Алматы: Жазушы, 1998. - 328 б.

References:

1. Qazaq tılı. Ensiklopedia. - Almaty. Qazaqstan respublikasy Bılım, Mädeniet және densaulıyq saqtau ministrліgı, Qazaqstan damu instituty, 1998. – 420 b.
2. Qaliev Ğ. Tıl bılımı terminderiniń tüsındırme sözdıgı. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2005. – 440 b.
3. Müsirepov Ğ. Qazaq soldaty. – Almaty: Jazuşı, 1987. -368 b.
4. Müsirepov Ğ. Oıanğan öлке. – Almaty: Jazuşı, 1987. - 484 b.
5. Mūqanov S. Syrdaria. – Almaty: Jazuşı, 1975. – 591 b.
6. Säuketaev T. Köleńkeler patşalyǵy. – Almaty: Jazuşı, 1998. - 328 b.